

2015 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 321 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 3293 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 1631 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімінің 01.03.2016 № 1631 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Ордабасы ауданының аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Сатеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 20 ақпанынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 16 шілдедегі
№ 321 қаулысына қосымша

2015 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Ордабасы ауданының

аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Е с к е р т у
		басталуы	аяқталуы	
1	Жаздық бидай	25.02.2015 жыл	04.04.2015 жыл	Тәлімі жер
2	Мақсары	30.02.2015 жыл	25.03.2015 жыл	Тәлімі жер
3	Күнбағыс	25.04.2015 жыл	10.05.2015 жыл	Тәлім және суармалы жер
4	Майкене	25.04.2015 жыл	10.05.2015 жыл	Тәлім және суармалы жер
5	Жоңышқа	15.03.2015 жыл	10.04.2015 жыл	Тәлім және суармалы жер
6	Мақта	25.04.2015 жыл	10.05.2015 жыл	Суармалы жер
7	Көкөніс, бақша, картоп	25.03.2015 жыл	30.05.2015 жыл	Суармалы жер
8	Дәндік жүгерісіне	25.03.2015 жыл	20.05.2015 жыл	Суармалы жер
9	Күздік бидай	05.10.2015 жыл	05.11.2015 жыл	Суармалы жер
		15.10.2015 жыл	25.11.2015 жыл	Тәлімі жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК